



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№10 (10517) 10 АҚПАН, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## ЖАҢА МҰЗ АЙДЫНЫ – Өңір спортының жаңа мүмкіндігі

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА МҰЗ АЙДЫНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ. АЙМАҚ БАСШЫСЫ НЫСАННЫҢ ЖОБАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ САЛЫНУЫН, ҚҰРЫЛЫС САПАСЫН ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМІН НАЗАРҒА АЛДЫ.

Аталған спорт нысаны халықаралық стандарттарға сәйкес олимпиадалық үлгіде салынып жатыр. Екі қабатты заманға сай ғимаратта мұз айдынымен қатар спортшыларға арналған киіну және қалпына келу бөлмелері, жаттықтырушылар бөлмесі, әкімшілік кабинеттер, сондай-ақ келушілерге арналған шағын кафе бар. Мұз аренасында кәсіби спортшылар да, әуесқойлар мен балалар да барлық қажетті жағдай жасалмақ.



Жаңа мұз айдынында хоккей, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек және кёрлинг сынды төрт бірдей олимпиадалық қысқы спорт түрі бойынша жаттығулар өткізуге мүмкіндік бар. Бұл – өңірде қысқы спорт инфрақұрылымын дамытуға бағытталған маңызды қадмдардың бірі.

Жоба жеке кәсіпкерлік қаражат есебінен жүзеге асып отыр. Алдағы уақытта Өскемен, Астана және Қарағанды қалаларынан тәжірибелі, білікті жаттықтырушыларды тарту жоспарланған. Негізгі басымдық хоккей мен мәнерлеп сырғанауға беріліп, жас спортшыларды кәсіби деңгейде дайындауға ерекше көңіл бөлінеді.

Айта кетейік, Маңғыстау өңірінде мұз спорты нысандарының аздығы ұзақ жылдан бері өзекті мәселе болып келген. Жаңа мұз айдынының іске қосылуы бұл олқылықтың орнын толтырып, балалар мен жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға және бұқаралық спортты дамытуға серпін береді. Сонымен қатар болашақта аймақтық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге жол ашады.

«Маңғыстау» ақпарат.



## АРАНДАТУ мен АҚИҚАТ: КОНСТИТУЦИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҚАЛАЙ ТАРАУДА?

**Ақерке СҮНДЕТ** ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУҒА ҰСЫНЫЛҒАН КЕЗЕҢДЕ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ТҮРЛІ ЖАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР МЕН АРАНДАТУШЫЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ЖАЗБАЛАРДЫҢ ТАРАЛЫП ЖАТҚАНЫН БАЙҚАП ЖҮРМІЗ. ӘСІРЕСЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ БЕЛГІЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АТЫНАН АШЫЛҒАН ЖАЛҒАН ПАРАҚШАЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ, ЖЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙҒА ҚАТЫСТЫ ШЫНДЫҚҚА ЖАНАСПАЙТЫН АҚПАРАТТАР ЖАРИЯЛАНЫП ЖАТЫР. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІ АИДА БАЛАЕВА АЗАМАТТАРДЫ АҚПАРАТТЫ ТЕК РЕСМИ ДЕРЕККӨЗДЕРДЕН АЛУҒА ШАҚЫРЫП, ҚОҒАМДА ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ТУДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МҰНДАЙ ӘРЕКЕТТЕРГЕ САҚТЫҚПЕН ҚАРАУ ҚАЖЕТТІГІН АТАП ӨТКЕН БОЛАТЫН. ОСЫҒАН ОРАЙ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА КОНСТИТУЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢ ТАРАҒАН ФЕЙК АҚПАРАТТАР МЕН ОЛАРДЫҢ РЕСМИ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІН ҰСЫНАМЫЗ.

**1. ФЕЙК: «Жаңа Конституцияда шетелдіктерге жер сатуға тыйым алынып тасталды»**

**ФАКТЧЕК:** Бұл – жыл басынан бері әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде ең көп тараған ақпараттардың бірі. Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы бұл мәліметтің шындыққа сәйкес келмейтінін мәлімдеді. Конституциядағы жер туралы норма өзгермеген. Қолданыстағы Конституцияның 6-бабындағы «жер және табиғи ресурстар» туралы тұжырым жаңа Конституция жобасында да өзгеріссіз қалған. Алматыда осы ақпаратты таратқан азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл арқалаған.

**2. ФЕЙК: «Конституция өзгерістері жасырын түрде қабылданады» деген секілді кейбір жазбаларда өзгерістер халықтың қатысуынсыз енгізіледі деген пікірлер тараған.**

**ФАКТЧЕК:** Президент Конституцияға кез келген өзгеріс тек референдум арқылы

енгізілетінін мәлімдеді. Конституциялық комиссия құрылып, халықтан ұсыныстар жиналып жатқаны да ресми түрде айтылған.

**3. ФЕЙК: «Конституциялық реформа елдің аумақтық тұтастығына қауіп төндірді». Интернетте жаңа Конституция елдің аумақтық тұтастығына қатысты нормаларды әлсіретеді деген пікірлер де кездеседі.**

**ФАКТЧЕК:** Жаңа жоба мәтінінде: мемлекеттің біртұтастығы, аумақтық тұтастығы, тәуелсіздігі өзгеріссіз сақталғаны айтылды.

**4. ФЕЙК: «Қазақстан Ресейге қосылу туралы референдум өткізеді». Бұл ақпарат әлеуметтік желілерде бірнеше рет тараған. Әлеуметтік желілерде Қазақстан Ресей құрамына кіруі мүмкін деген мазмұнда жазбалар мен видеолар тараған. Кейбір жазбаларда «жақын арада референдум болады» деген де ақпарат айтылған.**

**ФАКТЧЕК:** Қазақстан билігі мұндай мәліметтердің шындыққа жанаспайтынын бірнеше рет мәлімдеді. Қазақстан – тәуелсіз, унитарлы мемлекет, ал Конституция бойынша елдің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы өзгертілмейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қолдайтынын ресми түрде мәлімдеген. Сондай-ақ Қазақстан билігі Ресей ұйымдас­тырған Украина аумақтарындағы «Ресейге қосылу референдумдарын» мойындамайтынын жариялаған. Бұл – Қазақстанның басқа мемлекет құрамына қосылу туралы қандай да бір жоспар жоқ екенін көрсететін ресми ұстаным.

**5. ФЕЙК: Әлеуметтік желілерде ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың атынан «Мемлекеттік тіл үшін өлуге де, сотталуға да болады» деген сөз тарады.**

**ФАКТЧЕК:** Мұхтар Шаханов өзінің атынан тараған ақпараттың жалған екенін мәлімдеп, әлеуметтік желі пайдаланбайтынын жеткізді.

## ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ – АТА ЗАҢ

АҚТАУДА БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН «ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: ЖАСТАР КӨЗҚАРАСЫ» АТТЫ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖИЫНЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРА БАРЫСЫНДА ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Кездесуге облыстық ақпараттық-түсіндіру тобының өкілдері, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Маңғыстау облысы бойынша өкілі Асылан Қужиев пен «Саламатты ел» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлзира Есетова қатысты.

Жиында жаңа Конституцияда басымдық берілген негізгі бағыттар таныстырылды. Атап айтқанда, ғылым мен білім, жастар саясаты, адам құқықтары мен бостандықтары, отбасы институты, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің ел дамуындағы рөлі сөз болды. Сонымен қатар Миранда ережесі, Құрлытай институты, Халық кеңесінің құрылымы секілді конституциялық жаңашылдықтар жан-жақты түсіндірілді.

Асылан Қужиевтің айтуынша, жаңа Конституция демократиялық қағидаларды нығайтып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін жетілдіруге бағытталған.

– Қазіргі таңда Ата заңға енгізілген өзгерістер шамамен 84 пайызды құрайды. Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең басты құндылығы ретінде айқындалды. Сонымен қатар парламенттік реформа, омбудсмен институты мен адвокатура жүйесінің конституциялық деңгейде бекітілуі – заманауи талаптарға сай маңызды қадамдар, – деді ол.

Диалог алаңы ашық форматта өтіп, жастар өздерін толғандырған сауалдарға жауап алып, конституциялық реформалардың мән-маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік алды.

Өз тілшіміз.

• БҮГІНГІ САНДА

## ҚАУІП ЕСІК ҚАҒЫП ТҮР



» 5

## БАЛА ЖҮРЕГІН БАУРАҒАН САХНА



» 8